

БӨЛІМ: БАЛАБАҚША

Жарқын елдің болашағы - жас маман

ЖАРИЯЛАНДЫ
20.06.2019СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/58225/>

АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

Кез келген ел өзінің келешегін өскелең ұрпағымен байланыстырады. Әр кезеңнің пешенесіне жазылған өз заман ағымы, кезең тынысы болады. XXI ғасыр бүгінгі ұрпаққа, яғни біздерге бұйырған бақ деп санаймын. Еліміздің ертеңі, мемлекетіміздің жарқын болашағы білімді де білгір жастардың қолында. Ықылым заманнан бері қазақ атамыз «Білекті бірді, білімді мыңды жығады» деген сөз қалдырған.

Қай заманда да болмасын қоғамның қозғаушы күші - жастар. Осы тұста Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың: «Мен, сіздер, бүгінгі жастар ерекше ұрпақ екендеріңізді қайталаудан жалықпаймын. Сіздер тәуелсіз Қазақстанда өмірге келдіңіздер және сонда ер жетіп келесіздер. Сіздер жастық шақтарыңыздың уақыты - біздің еліміздің көтерілу және гүлдену уақыты. Сіздер осы жетістіктер рухын және табысқа деген ұмтылушылықты бойларыңызға сіңірдіңіздер» — деген сөзі мемлекет пен ұлт болашағы жастар болашағымен тікелей байланысты екендігін айқындайды.

Бүгінгі таңдағы Қазақстан дамуының басты мақсаты - әлемдегі дамыған отыз озық елдің қатарына қосылу. Абай атамыз айтқандай: «Сен де бір кірпіш дүниеге, кетігін тап та, бар қалан» деп айтқандай әр тәрбиеленушіге оқу іс-әрекеті арқылы білім беріп, оған өмірлік бағыт сілтейтін тұлға - ол мұғалім. Халқымызда «Жас келсе — іске» деген керемет сөзі бар. Ұстаз-тәрбиеші ретінде бойымдағы жастық жігерімді, күш-қуатымды, жаңашылдығымды шәкірттер тәрбиелеуге жұмсап келемін.

Еліміздің болашағы жастардың еңбекқорлығына, талап-тілегіне, арман-мұратына байланысты. Олар ата-бабаларымыздан мұра болып келе жатқан құндылықтарымызды, тарихи дәстүрлерімізді жаңғыртып, оны алға бастырып қана қоймай, экономикасын, ғылымын да дамытуға, жігерлене ел үшін еңбектенуге міндетті.

Тәуелсіз ел мұратынан — жастардың білімі мен біліктілікке ұмтылуы, еңбектеніп өсуі көрінеді. Халқымыздың «Білекті бірді, білімді мыңды жығады» деген ұлағатты сөз бар.

Білім баға жетпес үлкен рухани қару. Тек рухани қару ғана емес, сонымен қатар аса зор өндіргіш күш екенін білуіміз керек. Білімнің қуатына тең келетін басқа идеялық — рухани күш, қуат көзі жоқ екені белгілі. Білім — тек ғылымның іргетасы ғана емес, сонымен бірге тасы өрге домалаған еңсесі биік елдермен терезесі тең мемлекет болудың күре тамыры, ел дамуының алтын ұстыны. Білім бар жерде жаңа технологияға негізделген даму, жетілу, кемелдену үрдісі бір сәтке де толастамақ емес.

Мен балабақшадағы тәрбиеленуші шәкірттеріміздің бойына білім нәрін сіңіріп, елін сүйер жан-жақты қалыптасқан азамат тәрбиелеу жолында аянбай еңбек етуге даярмын.

Мансүр Гүлмира Абдуллақызы

Қызылорда облысы

№32 «Қызғалдақ»

санаторлық балабақшасының тәрбиешісі

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.